

СӨЖ 1. Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени антропологиялық зерттеулердің қазіргі жағдайына талдау жасау

(мысалы, ҚР Мемлекеттік Орталық музейдің зерттеу жобалары негізінде)

Мақсаты: Қазақстандағы антропологиялық зерттеулердің даму деңгейін, негізгі бағыттарын және ғылыми мекемелердің үлесін анықтау.

Форматы: Эссе немесе аналитикалық баяндама.

Әдістемелік нұсқау:

Студент дәріс материалдарын, қосымша әдебиеттерді, музейдің ресми сайттарын, ғылыми мақалаларды пайдалана отырып, қазіргі зерттеу жобаларына талдау жасайды.

СӨЖ 1: Берілген СӨЖ 1 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру.

СӨЖ 2. Қазақ қоғамындағы отбасы құрылымын функционалистік және структуралистік тұрғыдан талдау

Мақсаты: Қазақ қоғамындағы отбасы мен туыстық жүйені екі теориялық көзқарас тұрғысынан (функционализм және структурализм) талқылау.

Форматы: Салыстырмалы эссе немесе кестелік талдау.

Әдістемелік нұсқау:

Функционализмде отбасының әлеуметтік институт ретіндегі қызметін сипаттап, структурализмде оның символдық және рәміздік жүйесін талдау қажет.

СӨЖ 2: Берілген СӨЖ 2 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру.

СӨЖ 3. Қазақстандағы өнер және мәдениет мекемелерінің цифрлық ғылыми-зерттеу тәжірибесіне талдау жасау

(мысалы, Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің ғылыми-зерттеу және цифрландыру жобалары негізінде)

Мақсаты: Мәдени мекемелердің цифрлық антропология саласындағы тәжірибесін талдау.

Форматы: Презентация немесе аналитикалық эссе.

Әдістемелік нұсқау:

Цифрландыру жобаларының ғылыми-зерттеуге әсерін бағалау, мәдени мұраның сақталуы мен қолжетімділігін талдау ұсынылады.

СӨОЖ 3: Берілген СӨЖ 3 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру.

СӨЖ 4. Қазақстандағы ірі ғылыми-зерттеу орталықтарының антропологиялық зерттеулерін талдау

(мысалы, ҚР Ұлттық музейі)

Мақсаты: Антропологиялық бағыттағы орталықтардың ғылыми жобалары мен әдістемелерін талдау.

Форматы: Баяндама немесе реферат.

Әдістемелік нұсқау:

Музей немесе ғылыми орталықтағы жобалардың тақырыптарын, қолданған әдістерін және қоғамдағы ғылыми маңызын көрсету.

СӨОЖ 4: Берілген СӨЖ 4 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру.

СӨЖ 5. Алматы қаласындағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің әлеуметтік-мәдени зерттеу тәжірибесін талдау

(музейлер, ғылыми орталықтар мысалында)

Мақсаты: Жергілікті ғылыми мекемелердің әлеуметтік-мәдени антропология саласындағы жұмыстарына талдау жасау.

Форматы: Эссе, аналитикалық баяндама немесе салыстырмалы кесте.

Әдістемелік нұсқау:

Алматы қаласындағы бірнеше мекемені таңдап, олардың зерттеу тәжірибесін салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау ұсынылады.

СӨОЖ 5: Берілген СӨЖ 5 тапсырмасы бойынша өзара талқылау жүргізу және кеңес беру.